

## Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 407 Жарлығына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – КР Президентінің 01.03.2023 № 134 Жарлығымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) туралы ереже;

2) Агенттіктің құрылымы;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Агенттікке Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің тауар биржалары саласындағы қызметті мемлекеттік бақылауды және лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Экімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. Тоқаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2020 жылғы 5 қазандагы  
№ 428 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі туралы ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.03.2022 № 841  
Жарлығымен.**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеуді, сондай-ақ тауар биржалары саласындағы қызметті мемлекеттік бақылауды және лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Агенттіктің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада аумақтық бөлімшелері болады.

3. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі мен қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Агенттіктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Агенттік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттік төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Агенттіктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, "Есіл" ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 1-кіреберіс.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.03.2023 № 134  
Жарлығымен.**

10. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Агенттіктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен Агенттіктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Агенттіктің мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

- 1) нарық субъектілерінің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 2) адаптацияның қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу;
- 3) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу;
- 4) экономикалық шоғырлануды реттеу;
- 5) бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Қазақстан Республикасының Президентіне тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалдарды сұрату және алу;

тиісті тауар нарықтарын талдау негізінде аталған нарықтар үшін мәмілелерді жүзеге асыруға келісім қажет болатын активтер құны мен тауарлар өткізу көлемінің неғұрлым жоғары мөлшерлерін белгілеу;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру жөніндегі процестік әрекеттер мен іс-шараларға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардың лауазымды адамдары мен жеке тұлғалардан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұрату және алу;

сотқа жүгіну;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға олар қабылдаған, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

прокуратура органдарына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді жолдау;

өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін Агенттіктің аумақтық бөлімшелеріне беру;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

## 2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған, коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдау және қарau;

## өзінің интернет-ресурсында:

жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу бойынша қабылданатын шаралар туралы жылдық есепті;

мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдауларды;

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері туралы ақпаратты, Агенттіктің шешімдерін;

мемлекеттік монополия, арнаулы құқық субъектілерінің мемлекеттік тізілімін орналастыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (улестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тұлғаларды құруға өтінішхаттарды қарau.

## 15. Функциялары:

1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

1-1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтасу;

3-1) Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің монополияға қарсы органдарымен халықаралық шарттарға сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес хабарламаларды, ақпарат беру туралы сұрау салуларды жіберу, консультациялар жүргізу, тергеп-тексерулер туралы хабарлау жолымен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікті шектеуге және (немесе) жоюға бағытталған актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) жолын кесу;

6) экономикалық шоғырлануға келісім алу туралы өтінішхаттарды қарау;

7) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың алдын алу және оны жою;

8) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндettі қызметтерді көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

8-1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндettі қызметтердің тізбесін бекіту;

9) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдерін және келісілген әрекеттерін, жосықсыз бәсекелестікті болғызбау және олардың жолын кесу;

10) бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу және тауар нарықтарының жұмыс істеуі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді келісу;

10-1) Ұлттық әл-ауқат қорының (бұдан әрі – Қор) директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін Қордың және Қор ұйымдарының сатып алушы жүзеге асыру тәртібін келісу;

10-2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін инфрақұрылымдық алымдарды есептеу әдістемесін келісу;

11) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларын қолдану туралы ақпаратты тарату және адал бәсекелестікті насиҳаттау;

12) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау;

13) тиісті тауар нарығында үstem немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін талдау және мониторингтеу;

14) мыналарды:

тауар нарығындағы;

қаржылық көрсетілетін қызметтер нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу әдістемесін – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және

қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бекіту;

15) қоғамдық маңызы бар нарықтарды талдау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

16) мемлекеттік қасіпорындар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар құрылатын және (немесе) олар қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын тауар нарықтарына зерттеп-қарау жүргізу әдістемесін, мемлекеттік қасіпорындарға және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаларға және олармен үлестес заңды тұлғаларға қатысты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

17) тауар нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

18) қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

19) үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген монополиялық жоғары (төмен), монопсониялық төмен бағаны анықтау;

20) монополиялық жоғары (төмен) бағаны және монопсониялық төмен бағаны анықтау жөніндегі әдістемелерді әзірлеу және бекіту;

21) нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген үйымдардың Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық фактілері бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен тергеп-тексерулер жүргізу;

22) келісу комиссиясының ережесі мен регламентін бекіту;

23) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын және бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны қоспағанда, мемлекеттік органдардан, оның ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан, мемлекеттік кірістер органдарынан, нарық субъектілерінен, сондай-ақ лауазымды адамдардан және өзге де жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

24) нарық субъектілерінің орындауы міндетті мынадай нұсқамалар шығару:

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларын бұзуды тоқтату және (немесе) оның салдарларын жою;

бастапқы жағдайды қалпына келтіру;

Қазақстан Республикасының Қесіпкерлік кодексіне қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту;

экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде мәмілелерді бұзу немесе жарамсыз деп тану арқылы олардың күшін жою қажеттілігі;

егер белгілі бір сатушылармен (өнім берушілермен) не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту немесе жалтару бұзушылық болып табылған жағдайда, өзге нарық субъектісімен шарт жасасу туралы;

25) мемлекеттік, жергілікті атқаруши органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға Қазақстан Республикасының Қесіпкерлік кодексіне қайшы келетін, өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту, бұзушылықтарды жою, сондай-ақ өздері жасасқан келісімдер мен мәмілелерді бұзу, күшін жою немесе өзгерту және бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы орындалуы міндettі нұсқамалар енгізу;

26) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша сотқа қатысу;

27) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін құқық қорғау органдарына материалдар жіберу;

28) Қазақстан Республикасының Қесіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу бойынша қабылданатын шаралар туралы жылдық есепті жіберу;

29) Қазақстан Республикасының Қесіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғаларды және олармен үлестес занды тұлғаларды бәсекелес ортаға беру жөнінде ұсыныстар және мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес занды тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін жаңарту жөнінде ұсыныстар жіберу;

30) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында жүргізілетін мемлекеттік саясаттың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында өз қызметі туралы мәліметтерді орналастыру;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы жүгіну;

32) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның лауазымды адамына Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға алып келуі мүмкін әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға жол бермеу туралы жазбаша нысанда алдын ала ескерту жіберу;

33) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны нарық субъектілеріне, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға жіберу;

34) монополияға қарсы орган қабылдаған бәсекелестікті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру;

35) нарық субъектілері келісімдерінің жобаларын Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі тұрғысынан қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

36) монополияға қарсы комплаенстің үлгілік сыртқы актілерін нарық субъектілері үшін әзірлеу және бекіту;

37) монополияға қарсы комплаенстің ішкі актісін әзірлеу және енгізу жөніндегі әдістемелік ұсныымдарды бекіту;

38) нарық субъекті (нарық субъектілері) жіберетін монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау;

39) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне қайшы келетін шарттарды бұзу, өзгерту және (немесе) мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қоюларды сотқа беру;

40) мемлекеттік монополия, арнаулы құқық саласына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыру;

41) мемлекеттік монополия, арнаулы құқық субъектісі өндіретін және (немесе) өткіzetін тауарлар бағасына сараптама жүргізу;

42) мемлекеттік монополия, арнаулы құқық субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу;

43) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген шектеулерді мемлекеттік монополия, арнаулы құқық субъектілерінің сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

44) мемлекеттік монополия, арнаулы құқық субъектісі өндіретін және (немесе) өткіzetін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын келісу;

44-1) тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін келісү;

44-2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен көлемін, сондай-ақ осындаған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынатын, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бекітетін қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін келісү;

44-3) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері құрган, тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсететін ұйымдардан сатып алынатын, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындағы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесін келісү;

45) мемлекеттік монополия, арнаулы құқық субъектісі өндіретін және өткізетін тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын бекіту;

46) бекітілген кестеге сәйкес жекелеген мемлекеттік монополия, арнаулы құқық субъектілерінің қызметіне талдау жүргізу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік монополия, арнаулы құқық саласына жатқызылған қызметті бәсекелес ортаға беру бойынша ұсыныстар жіберу;

47) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерін анықтау мақсатында тауар нарықтарындағы бағаларға мониторинг жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

48) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің бар екені туралы хабарлама беру тәртібін бекіту;

49) келісу комиссиясының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және өзінің құрамына қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері жөніндегі қорытындының жобасын қарау бойынша әрекет ету тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

50) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерін анықтау мақсатында тауар нарықтарындағы бағаларды мониторингтеу;

51) тауарларды сатып алу мен сауда-саттықты өткізу үшін мониторингтеу;

52) өткізілген сатып алу туралы ақпараттың нысанын бекіту;

53) жекелеген тауар нарықтарында және (немесе) жекелеген нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) мемлекеттік бағалық реттеуді енгізу;

54) жекелеген тауар нарықтарында және (немесе) жекелеген нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) мемлекеттік бағалық реттеуді енгізу қағидаларын бекіту;

55) құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының мәселелері бойынша сараптамалар жүргізу және қорытындылар беру;

56) құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдамалық ақпаратты беру;

57) мыналардың:

экономикалық шоғырландыруды жүзеге асыру туралы өтінішхаттың;

мемлекеттік кәсіпорынды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаны және олармен үлестес тұлғаларды құру туралы өтінішхаттың;

әрекеттерде (әрекетсіздікте) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаның нысандарын белгілеу және айқындау;

58) нұсқамаларды (өзінің немесе аумақтық бөлімшениң) қайта қарau, сондай-ақ монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелері қабылдаған нұсқамаларды тексеру ;

59) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген жағдайларда нарық субъектісін мәжбүрлеп бөлу немесе оның құрамынан құрылымдық бөлімшелері базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғаны бөліп шығару туралы талап қоюмен сотқа жүгіну;

60) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда, нарық субъектілеріне мәмілелерді (әрекеттерді) жүзеге асыруға алдын ала келісім беру;

60-1) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда нарық субъектілерін, сондай-ақ жылжымайтын мұлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге келісім беру;

61) мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғаларды құруға келісім беру;

62) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен

үлестес, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын тұлғалардың жүзеге асыратын қызмет түрлерін кеңейтуге және (немесе) өзгертуге келісім беру;

63) тауар биржаларының қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

64) тауар биржаларының қызметін реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді келісу;

65) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

66) тауар биржаларының қызметіне талдау және мониторинг жүргізу;

67) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржаларының қызметі және биржалық сауда мәселелері жөнінде ақпарат жариялау;

68) биржалық сауданы дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау ;

69) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тауар биржалары саласындағы қызметті лицензиялау;

70) тауар биржаларының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

71) тауар биржалары саласындағы лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

**72) алып тасталды – ҚР Президентінің 01.03.2023 № 134 Жарлығымен;**

73) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен тауар биржалары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ әкімшілік жазаларды қолдану;

74) тауар биржасының монополияға қарсы органға есептерді ұсыну қағидаларын бекіту;

75) тауар биржаларында және электрондық сауда аландарында тиісінше өткізілген сауда-саттық барысында қалыптасқан, монополиялық жоғары (төмен) деп танылмайтын биржалық тауарлардың бағасын айқындау қағидаларын бекіту;

76) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына сәйкестігі түрғысынан қорытынды беру;

77) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына сәйкестігі түрғысынан қорытынды беру қағидаларын бекіту;

78) бәсекелестікке әсер етуге бағалау жүргізу қағидаларын бекіту;

79) негізгі қуатқа тең қол жеткізу қағидаларын бекіту;

80) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне жүзеге асырылатын қызмет түрлерін құру, кеңейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алу, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған сол қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру тұрғысынан мониторинг жүргізу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

81) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне жүзеге асырылатын қызмет түрлерін құру, кеңейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алу, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған сол қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру тұрғысынан мониторингті жүзеге асыру;

82) мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша бастама жасалған, экономиканы қолдау, халықтың іскерлік белсенділігі мен жұмыспен қамтылуын ынталандыру үшін дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешенін іске асыру жөніндегі қызметін қоспағанда, мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың қызметіне Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабында көзделген талаптардың сақталуы тұрғысынан мониторингті жүзеге асыру;

82-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен респубикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарды, респубикалық мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестиациялық ұсынысын, респубикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурсстық (аукциондық) құжаттамасын, оның ішінде оларға жекеше әріптестердің мемлекеттік функциялардың іске асырылуын қамтамасыз етуін көздейтін жобалар бойынша бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласына қатысты болігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде келісу;

83) сенім білдірілген адамдардің тізілімін жүргізу;

84) сенім білдірілген адамдардің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

84-1) өтініш берушілер көтеретін жүйелік проблемаларды талдау және анықтау;

84-2) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік органдар қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес қызметке функционалдық талдау жүргізу;

84-3) цифрлық трансформацияны жүргізу;

85) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Президентінің 01.03.2023 № 134; 29.06.2023 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)  
Жарлығымен.

### **3-тaraу. Агенттік төрағасының, Агенттік Басқармасының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Агенттікті басқаруды төраға жүзеге асырады, ол Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Агенттік төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Агенттік төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

19. Агенттік төрағасының өкілеттіктері:

1) Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етуді жүзеге асырады;

2) Агенттіктің құқықтық актілеріне қол қояды, қарамағындағы жұмыскерлерге нұсқаулар мен тапсырмалар береді, Агенттіктің құзыретіне жатқызылған мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру бойынша өзге де ұйымдастырушылық-өкімдік шараларды қабылдайды;

3) Агенттіктің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді ;

4) Агенттіктің аумақтық бөлімшелерінің құрылымын Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жалпы штат саны шегінде бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне Агенттіктің, оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен наградтау туралы ұсынулар енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынаста Агенттік атынан өкілдік етеді;

7) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Агенттіктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Агенттік төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды.

21. Агенттіктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы басқарады.

22. Агенттік төрағасы құратын Басқарма Агенттіктің алқалы басқару органы болып табылады.

Агенттіктің Басқармасы туралы ережені және оның құрамын Агенттіктің төрағасы бекітеді.

Агенттік Басқармасының өкілеттіктері:

1) бәсекелестік саясатты қалыптастыру және дамыту саласындағы басымдықтарды айқындау;

2) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері жөніндегі қорытындыларды, экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты қарау нәтижелері жөніндегі қорытындыларды қарау нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау;

3) жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу бойынша қабылданатын шаралар туралы жыл сайынғы жылдық есепті мақұлдау;

4) Басқарманың жұмыс регламентін бекіту;

5) Басқарма туралы ережеге сәйкес Агенттіктің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер жөніндегі шешімдерді қарау және қабылдау.

#### **4-тарау. Агенттіктің мұлкі**

23. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығымен оқшауланған мұлікке ие бола алады.

Агенттіктің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Агенттікке бекітіп берілген мұлік республикалық меншікке жатады.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Агенттік, өзіне бекітіп берілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алғанған мұлікті өз бетінше иелікten шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 15.08.2022 № 979 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

#### **Агенттіктің аумақтық бөлімшелерінің тізбесі**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 15.08.2022 № 979 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**



19. "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

20. "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2020 жылғы 5 қазандағы

№ 428 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің ҚҰРЫЛЫМЫ

Ескерту. Құрылымына өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 17.03.2022 № 841; 01.03.2023 № 134; 27.08.2024 № 632 Жарлықтарымен.

Басшылық

Төрағаның хатшылығы (Департамент)

Бәсекелестікті стратегиялық дамыту департаменті

Отын-энергетика кешені департаменті

Агроенеркәсіптік кешен департаменті

Көлік және байланыс департаменті

Қаржы нарықтары департаменті

Биржалық бақылау департаменті

Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті

Тергеп-тексерулер департаменті

Халықаралық ынтымақтастық басқармасы

Әкімшілік-қаржы департаменті

Персоналды басқару департаменті

Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті

Мемлекеттік құпиялар, жұмылдыру дайындығы және ақпараттық қауіпсіздік басқармасы

Ішкі аудит қызметі

Индустрія, мемлекеттік қолдау және сатып алу департаменті

Әлеуметтік сала департаменті

Цифрландыру департаменті

Әдеп жөніндегі уәкіл

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2020 жылғы 5 қазандағы

№ 428 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

# **Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат):

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымша:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, соның ішінде оның аумактық бөлімшелері

267

"

**2. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.**

3. "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 24, 173-құжат):

Қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізілетін орталық мемлекеттік органдардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі".

4. "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 783-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, сottардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесі мен сипаттамаларында:

"Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің,

құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесі" деген 1-бөлімде:

"Төсбелгілер:" деген бөлім

мынадай мазмұндағы 1-4-тармақпен толықтырылсын:

"1-4. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі: "Монополияға қарсы қызметтің үздігі".";

"Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының сипаттамалары (бұдан әрі – Сипаттамалар)" деген 2-бөлімде:

мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төсбелгісі "

"Монополияға қарсы қызметтің үздігі" (127-қосымша)

"Монополияға қарсы қызметтің үздігі" төсбелгісі диаметрі 35 мм сегіз бұрышты пішінде болады және сары түсті металдан (латунь) жасалады.

Төсбелгінің беткі жағында шаңырақ пен қалықтаған қыран орналасқан және айналасында – "Монополияға қарсы қызметтің үздігі" деген жазу бар. Эмблема және мәтін – шығыңқы жылтырак.

Төсбелгінің сыртқы жағында ортасында Қазақстан Республикасы шекарасының бейнесімен "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген жазу, жоғарғы және төменгі жағында ұлттық ою-өрнек орналасқан. Төсбелгінің сыртқы беті – күнгірт. Мәтін және ою-өрнек – шығыңқы жылтыр.

Төсбелгі құлақша мен шығыршық арқылы көгілдір түсті қатқыл лентамен тысталған тік бұрышты тағанға жалғанады.

Төсбелгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.;"

осы өзгерістер мен толықтыруларға қосымшага сәйкес Сипаттамаларға 127-қосымшамен толықтырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларымен марапаттау (ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларынан айыру) қағидаларында:

"3. Ведомствоның наградалармен марапаттау негіздері" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Монополияға қарсы қызметтің үздігі" төсбелгісі".

90. "Монополияға қары қызметтің үздігі" төсбелгісімен монополияға қары органды басқарған Қазақстан Республикасының азаматтары, монополияға қары органда кемінде 5 жыл жұмыс істеген, республикадағы монополияға қары қызметті дамытуға зор үлес қосқан монополияға қары органның қызметкерлері лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны, жемісті еңбек қызметі және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының монополияға қары қызметінің жүйесін дамытуға үлес қосқан шетелдік адамдар марапатталады".

5. "Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 520-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

"2. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар" деген тарауда:

"А" корпусы" деген бөлімнің 1-санатында:

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы";

"Б" корпусы" деген бөлімде:

В санаттарының тобында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), Қазақстан Республикасы Конституциялық

Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараты, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі";

B-3 санатында:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басқармасының (қызметтің) басшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі басқармасының (қызметтің) басшысы";

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басқармасының (қызметтің) басшысы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің баспасөз хатшысы";

B-4 санатында:

"Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқарушысының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағаларының көмекшісі, кеңесшісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқарушысының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағаларының көмекшісі, кеңесшісі".

6. "Азаматтардың "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кіруінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 521-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарында:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі аппараттарының басшылары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы; жауапты хатшы лауазымы енгізілмеген орталық атқарушы органдар аппараттарының басшылары, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы;".

Қазақстан Республикасы  
Президентінің кейбір актілеріне  
енгізілетін өзгерістер мен  
толықтыруларға  
қосымша  
Сипаттамаларға  
127-қосымша

**"Монополияға қарсы қызметтің үздігі" төсбелгісі**



АВЕРС

РЕВЕРС

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК